

2000 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 4126 болып тіркелді. Күші жойылды – Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 20.12.2017 № 2 шешімімен (оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қаулысын басшылыққа ала отырып, қала әкімі

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2017 жылғы қаңтардан наурызға дейін 2000 жылы туған азаматтарды Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың басшыларына, оқу орындары мен басқа қоғамдық салалардың директорларына әскерге шақыру жасына дейінгілерді медициналық тексеруден өту және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алғанда жұмыстарынан, сабақтарынан босатылсын.

3. Приозерск қаласы әкімінің 2015 жылғы 26 қазандағы № 1 "1999 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 24 қарашасында № 3515 болып тіркелген, 2015 жылдың 11 желтоқсанында № 49/434 "Приозерский вестник" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

5. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қала әкімі

Қ. Камзин

"КЕЛІСІЛДІ"

Балқаш қаласының қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы
подполковник

_____ Н.У. Аманжолов

2016 жылғы " _____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК